

**Қазақстан-Британ техникалық университетінің (ҚБТУ) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің 2022 жылғы бағыты бойынша есебі;  
6D070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы №464 Бұйрығымен ҚБТУ - да философия докторы (PhD), 6D070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу мамандығы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес ашылды. Диссертациялық Кеңестің жеке құрамы ҚБТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен (2020 жылғы "29" қазандағы №3 хаттама) және АҚ "ҚБТУ" Ректоры К. Н. Ибрашевтің 2020 жылғы "4" қарашадағы №88-ІІ бұйрығымен бекітілді.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі ҚБТУ диссертациялық кеңесінің тұрақты мүшелерінің құрамы:

Мамандығы / Кадрларды даярлау бағыты

6D070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу.

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы, автореферат бойынша мамандық шифры	Жұмыс орны, лауазымы	Атқаратын лауазымы
1	Исахов Асылбек Абдиашимович	PhD докторы, 6D060100-Математика	Қазақстан, Алматы қ., ҚБТУ, профессор, Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру орталығының басшысы	ДК төрағасы
2	Рысбайұлы Болатбек	Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, 01.01.07-есептеу математикасы	Қазақстан, Алматы қ., Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының профессоры	ДК төрағасының орынбасары
3	Кенжебаев Талгатбек Садуахасович	Физика-математика ғылымдарының докторы, доцент, 01.01.02-	Қазақстан, Алматы қ., ҚБТУ, Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру	ДК ғылыми хатшысы

		дифференциалды теңдеулер	орталығының қауымдастырылған профессоры	
4	Вербовский Виктор Валериевич	Физика-математика ғылымдарының докторы, доцент, 01.01.06-математикалық логика, алгебра және сандар теориясы	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Кибернетика және ақпараттық технология институтының профессоры	ДК мүшесі

«Математика және компьютерлік модельдеу» білім беру бағдарламасы бойынша ҚБТУ диссертациялық кеңесін құру мақсаты Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру орталығының докторанттарына, сондай-ақ басқа да ЖОО-ның докторанттарына өздерінің МКМ бойынша диссертацияларын қорғауға мүмкіндік беру болып табылады.

1. 2022 жылы 2 отырыс ұйымдастырылды, оның 1 отырысы диссертацияны қорғалуына арналды. Диссертация кеңесінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ие болу үшін 1 диссертациялық жұмыс қорғалды. Диссертация орыс тілінде ұсынылды.

2. Кеңестің барлық мүшесі белсенді қатысты.

3. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ие болу үшін қорғауға қатысқан докторанттар. Кесте 1.

№	Докторанттың аты-жөні, білім беру мекемесі	Қорғау күні, диссертация кеңесінің Төрағасы, рецензенттер	Тақырыбы	Ғылыми жетекшілері
1	Ракишева Диляра Советовна, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті	08.04.2022, диссертация кеңесінің Төрағасы PhD, Исахов А.А. <b>Рецензенттер</b> Александров Павел Николаевич - Физика-математика ғылымдарының докторы, О.Ю. Шмидт атындағы Жер физикасы институтының геоэлектрлік зерттеу орталығының профессоры (Мәскеу қ., Ресей);	Бөгеттер мен плотиналардағы электр мониторингтің міндеттерін модельдеу	Муканова Балгайша Гафуровна- Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Астана Ақпараттық технологиялар университеті, Есептеу және деректертану кафедрасы (Нұр-сұлтан қ., Қазақстан); Модин Игорь Николаевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу

	<p>Мухаметжанов Салтанбек Талапеденович – Физика математика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, есептеу ғылымдары және статистика кафедрасының мен механикалық математикалық- факультеттің профессоры (Қазақстан, Алматы қ)</p>		<p>мемлекеттік университеті, Геология факультетінің Жер қыртысының геофизикалық зеттеу кафедрасы (Мәскеу қ.,Ресей)</p>
--	---	--	--

4. Диссертация математика және компьютерлік модельдеудің ағымдағы мәселелеріне арналған және Қазақстан Республикасының осы саладағы өзекті сұрақтарын шешуге бағытталған. Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми технологиялық бағдаламалармен байланысы 2-кестеде көрсетілген.

**Ракишева Д.С.** Диссертация тақырыбы: «Бөгеттер мен плотиналардағы электр мониторингтің міндеттерін модельдеу». Бөгеттердің жағдайы көбінде мерзімді түрде мониторинг жүргізілуіне байланысты. Соңғы жылдары гидротехникалық құрылыстардың әлсіздігінен көптеген кедергілер туындауда. Бөгеттердің бөліктерінде суффозия сияқты, гранулометриялық құрамының өзгерісі, кеуектіліктің жоғарылауынан судың ағып кетуі сияқты бұзылуларды уақытылы байқау бөгеттер мен плотиналардың жарылуын алдын алады. Қазіргі уақытта гидротехникалық құрылыстарды бақылап отыру бөгеттердегі қауіпсіздікті жоғарылатуда өте маңызды рөл атқарады. Бұны электромониторингті көденең электр барлау қондырғыларының көмегімен қолдану арқылы тиімді іске асырса болады. Бұл жұмыста көденең қондырғы үшін электрлік топографияның әдісіне математикалық модельдеу жүргізіледі. Модельде бөеттің жоғарғы және төменгі биіктігінің өзгерісі, бөгеттегі судың өтудегі геометриясы және құрылысының орналасуы ескеріледі. Іске асырылған математикалық модельде алғаш рет есептік модельдеудің алгоритмі, бағдарламасы және нәтижесі алынды. Сондықтан, алынған нәтижелердің өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы, тәжірибелік маңыздылығы толығымен мамандық көрсеткіштер мен талаптарына сәйкес келеді.

**Жұмыс барысында келесі жаңа және сенімді нәтижелер алынды:**

- Тапсырма өлшемін 2.5D-дан бір өлшемді тапсырмаларға дейін төмендететін бөгеттер мен плотиналардың көденең электрлік мониторингтің математикалық модельдеуі;
- Интегралды теңдеулер жүйесінің интегралды теңдеудің біріктірілген ядро дискреттік аналогі негізінде есептік шешім әдісі және бедерінің беткі қабаты РБФ әдісімен жуықтау;
- ERTDam2D қолданбалы бағдарламасы және бөгеттердің жеті түрлі ортадағы модельдеріне жасалған электрлік мониторинг үшін сандық есептерінің нәтижесі.

Диссертация жұмысында алынған барлық нәтижелер нақты есептермен дәлелденген ғылыми зерттеуге негізделген. Автор жүзеге асырылған жеті түрлі модельге және бөгеттің элетромагниттік қолданбалы бағдарламасы- ERTDam2D-ға авторлық куәлік алды(авторлық құқық №11797 28.08.2020ж.). Бағдарлама жеті түрлі модельге арналып жасалған, оның әрқайсысы бірқатар мәселерді шешеді.

ЖШҚ «Ғылыми өндірістік орталық ГЕОСКАН» өндірісіндегі диссертациялық жұмыстың **нәтижелері енгізілген**, Мәскеу қ.,Ресей.

Автор ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық жобасында №0115PK01424 қатысты:

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2015-2017 жылдарындағы «Ғылым салсындағы Халықаралық ынтымақтастық» бағдарламасы бойынша «Біркелкі емес ортаның құрылымдарын зерттеу үшін интегралды теңдеудің әдісін дамыту»

Қойылған мақсаттар, тапсырмалар және диссертациялық жұмыстың мазмұны толығымен ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

**Кесте 2. Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми технологиялық бағдаламалармен байланысы.**

№	Аты-жөні	Ғылыми бағдарламалар
1	Ракишева Диляра Советовна	ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық жобасы №0115PK01424: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2015-2017 жылдарындағы «Ғылым салсындағы Халықаралық ынтымақтастық» бағдарламасы бойынша «Біркелкі емес ортаның құрылымдарын зерттеу үшін интегралды теңдеудің әдісін дамыту»

5. **Диссертация рецензенттері** математика, математикалық және компьютерлік модельдеу салаларында қызмет атқаратын, жетекші ғалымдар болып табылады, олардың барлығы зерттеу саласында кем дегенде 5 рецензияланған диссертация жұмыстарының иегерлері. Олар зерттеу тақырыбының рецензиядағы өзектілігі мен жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысын, алынған нәтижелердің «Ғылыми дәрежелер беру және ғылыми қызметкерлердің мамандығына сәйкес құжат алу ережелеріне» сай екендігін, шешімдер мен нәтижелердің негізделгендігін және шынайы екендігін, және олардың жаңашылдық деңгейін, алынған нәтижелердің ішкі біркелкілігін бағалауын және олардың сәйкестенген өзекті мәселеге бағытталғындығын, теориялық және қолданбалы тапсырмаға мұқият талдау жүргізді. Өтініш берушілердің мақалаларына үлкен назар аударылды; рецензенттер жоғарғы импакт-факторлы журналдардағы мақалаларды және өтініш берушілердің Халықаралық ғылыми конференциялаға қатысуларын ерекше атап өтті. Сапасыз пікірлер болмады.

6. **Ғылыми кадрларды дамытудағы жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Диссертациялық кенестің үш жылғы жұмысын, сондай-ақ ДК мүшелерінің талқылауға қатысуын талдай отырып, келесі ұсыныстарды енгіземіз: ДК мүшелеріне және

рецензенттерге белгілі бір себептермен диссертациялық кеңестің отырыстарына онлайн түрде қатысуға рұқсат беру.

7. **Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесін алудағы қарастырылған диссертацияладың деректері 3-кестеде көрсетілген.**

**Кесте 3.**

	<b>6D070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу.</b>
Қарастырудан алып тасталған диссертациялар	-
Соның ішінде диссертация кеңесімен алынып тасталғандары	-
Теріс пікір алған диссертациялар	-
Қорғау нәтижесінде оңды шешім алғаны	1
Соны ішінде басқа оқу орнынан	1
Қорғау нәтижесінде теріс шешім алғаны	-
Соның ішінде басқа оқу орнынан	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1
Соның ішінде басқа оқу орнынан	1

**ҚБТУ диссертациялық кеңес Төрағасы**

**Диссертациялық кеңестің ғылымы хатшысы**



**Исахов А.А.**

**Кенжебаев Т.С.**

*Исахова А.А.*  
Подпись Кенжебаева Т.С. заверяю  
**Департамент  
по развитию персонала**